

Кеңестуы ауылдық округінің құрамды бөліктерін атау туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы Кеңестуы ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 28 желтоқсандағы № 24 шешімі. Ақтөбе облысы Темір аудандық Әділет басқармасында 2012 жылғы 3 ақпанда № 3-10-157 тіркелді

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде, атауында және бүкіл мәтіні бойынша " селолық" сөздері "ауылдық" сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Кеңестуы ауылдық округі әкімінің 13.07.2016 № 14 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін -өзі басқару туралы" Заңының 35 бабын және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабы 4 тармақшасына, Кеңестуы ауылдық округінің халқының пікірін ескере отырып, әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Кеңестуы ауылдық округінің құрамды бөліктеріне (қыстауларына) келесі атаулар берілсін:

- 1) Қызылқұдық;
- 2) Құлекен;
- 3) Төс;
- 4) Қарабұлақ;
- 5) Орта Қарағанды;
- 6) Бас Қарағанды;
- 7) Көкбұлақ;
- 8) Серек.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кеңестуы ауылдық округінің әкімі:

С. Тұранов